



БАСПАСӨЗ-ХАБАРЛАМАСЫ

«FOOD SOLUTIONS KZ» КОМПАНИЯСЫ ӨЗ МЕЙРАМХАНАЛАРЫНЫҢ ЖАҢА БРЕНДІН ТАНЫСТЫРДЫ

«Food Solutions KZ» ЖШС басқаруындағы жылдам қызмет көрсететін мейрамханалар қонақтарға өз есігін жаңа атаумен ашты.

Алматы, Қазақстан. 23 қараша, 2023 жыл. «Food Solutions KZ» компаниясы мейрамханалар желісінің жаңа бренді ұсынды. Арнайы түрде жұртшылық, қызметкерлер мен серіктестер үшін YouTube платформасында тікелей эфир іске қосылды, оған қатысушылар көптен күткен жаңалықты бірінші болып білді.

Бүкіл ел бойынша 24 мейрамхананы ұсынатын жергілікті желі бренді “I’m” деп аталды, ол «айм» («Айем») деп оқылады, ортасында апостроф жүрек пішінін алады және атауды «айловэм» деп айтуға мүмкіндік береді. Café және drive қызметтері сәйкесінше “I’m café” және “I’m drive” деп аталды. **Жаңа бренд стилі мейрамхана маңдайшаларында, қызметкерлердің қызметтік формаларында, қаптамаларда және компания брендинің барлық басқа элементтерінде орналасады.**

Атау мен концепция

“I’m” атауының екі мағынасы бар:

Біріншіден, “I’m” («айм» немесе «айэм») — бұл жай ғана «мен». Біз мейрамханаларымыздың әрбір қонағы атауды оңай толықтырып, өзіне және әлемге «мен маңыздымын», «мен жетістіктеріммен мақтана аламын» деп айтқанын қалаймыз. “I’m”-де адам айтулы оқиғаларды күтпеуі мүмкін, дегенмен бір қарағанда қарапайым оқиғаны атап өте алады: мектепте жақсы баға алу, еңбек демалысының басталуы және тіпті велосипед сатып алу. Біздің мақсатымыз – осы оқиғаларды ерекше ету.

«Айловэм-нің» екінші нұсқасы — яғни «мен м-ді жақсы көремін», онда «м» ескі атауға сілтеме жасайды және сабақтастықты білдіреді, атап айтқанда қызмет көрсету сапасы мен мейрамхана өнімдерінің жоғары стандарттарын сақтауды көрсетеді.

Логотип

Логотип атаудағы идеяны ашады. Ондағы жүрек бір уақытта «і» нүктесінің рөлін атқарады және компанияның қонақтарға, қызметкерлерге және серіктестерге деген сүйіспеншілігі туралы айтады. Ол жаңа бренд имиджі – мейірімділік пен отбасылықты сипаттайтын қарапайым және жұмсақ пішіндері бар бас әріптермен жасалған. Сонымен қатар, белгі барлық визуалды байланыстың негізі болып табылады, оны «сөйлейтін» етеді.



«Feel-Good restaurants» дескрипторы – бұл мейрамханаға келген қонақтың өзін жақсы сезінуін біздің қалауымыз. Бұған дәмді тағамдармен, әдемі интерьермен, менеджерлердің күлімсіреуімен және жоғары сапалы қызметпен жол ашылады.

«Food Solutions KZ» ЖШС Бас директоры Әсет Машанов: «Біз мейрамханаларымыздың жаңа брендін шығаруға ұзақ уақыт дайындалдық және қонақтарымызды онымен таныстыруға қуаныштымыз. “I’m” жаңа брендімен Қазақстанда біздің желідегі барлық мейрамханалардың жұмысы жалғасатыны туралы қуана хабарлаймын».

Бренд философиясы

Жаңа брендтің негізіне «мен маңыздымын» философиясы енді: әрбір қонақ, әрбір қызметкер, әрбір серіктес, яғни компания жасайтын барлық нәрселер. “I’m”-ге келгеннен кейін сіз бұл атмосфераны сезіне аласыз – компания өз адамдары мен өнімдерін бағалайды және бәріне мұқият қарайды. Бұл осы жылдың тамыз айында «Food Solutions KZ» өткізген ерекше (немесе резонансты) HR-науқанында көрініс тапты, мейрамханалардың атауы үздік қызметкерлердің құрметіне өзгертілді.

«Food Solutions KZ» ЖШС баспасөз-қызметі

«Food Solutions KZ» компаниясы туралы

«Food Solutions KZ компаниясы 7 жыл бойы Қазақстандағы McDonald's брендінің операторы болды. Осы уақыт ішінде компания жылдам қызмет көрсететін мейрамханалар индустриясындағы көшбасшылардың бірі атанды. «Food Solutions KZ» ЖШС басқаруымен Қазақстанның келесі қалаларында: Алматы, Астана, Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Қарағандыда 24 McDonald's мейрамханасы ашылып, 7500-ге жуық адам жұмыспен қамтылды. Компания өз қызметі кезеңінде ел бюджетіне 3 млрд теңгеден астам салық төледі және қайырымдылыққа 150 млн теңгеден астам қаражат аударып, қоғамға көмек көрсетуге белсенді қатысты.